

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасы мен мерзімдерін бекіту туралы" 2010 жылғы 11 қазандағы № 1049 және "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 909 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.08.2023 № 652 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

"Орталық аппараттың функциялары" деген 16-тармақта:

87) және 88) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"87) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

88) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған Қазақстан Республикасының барлық органдары үшін жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу;";

98) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"98) мақсаттарға қол жеткізу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалау;";

мынадай мазмұндағы 98-1) тармақшамен толықтырылсын:

"98-1) Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жөніндегі комиссияның жұмыс органымен келісу бойынша құпиялыштық режимі мен қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың интернет-порталы мен "www.bagalau.kz" сайтында жариялау;";

320) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"320) жоспарланған жылдың алдындағы жылғы 15 қарашаға дейін статистикалық жұмыстар жоспарын бекіту;";

339-59) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 339-80) тармақшамен толықтырылсын:

"339-80) ұлттық санақтарды жүргізу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;";

"Ведомстволардың функциялары" деген 17-тармақта:

158) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"158) Ұлттық санақтар жүргізу қағидалары мен мерзімдерін әзірлеу;";

169) және 170) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"169) мемлекеттік статистика органдарының статистикалық қызметінің уәкілетті органның ведомствоны бекіткен ведомстволық статистикалық байқаулар жөніндегі статистикалық әдіснамаға сәйкестігіне талдау жүргізу және талдау жүргізуге қажетті құжаттарды (ақпаратты) сұрату;

170) респонденттерге бармай, профилактикалық бақылау нысанында респонденттерге қатысты мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;";

266-19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"266-19) бағаларды тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ бағаларды тіркеуді жүргізу;";

266-23) тармақша алып тасталсын;

266-27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"266-27) әкімшілік дереккөздерге бармай және бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;";

мынадай мазмұндағы 266-45), 266-46), 266-47), 266-48), 266-49), 266-50), 266-51), 266-52), 266-53), 266-54), 266-55), 266-56), 266-57), 266-58), 266-59), 266-60), 266-61), 266-62), 266-63), 266-64), 266-65), 266-66), 266-67), 266-68), 266-69), 266-70), 266-71), 266-72) тармақшалармен толықтырылсын:

"266-45) статистикалық сыныптауыштарды әзірлеу және бекіту;

266-46) ұлттық санақ жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

266-47) пилоттық санақ жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

266-48) штаттан тыс санақ бөлімі бойынша штат кестесі мен құрылымын әзірлеу және бекіту;

266-49) санақ парақтарын әзірлеу және бекіту;

266-50) ұлттық санақ жүргізу бойынша әдіснамалық құрал әзірлеу және бекіту;

266-51) ақпараттық жүйелерді интеграцияламай мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл туралы бірлескен актілер әзірлеу және бекіту;

266-52) ұлттық санақтар жүргізу кезінде мемлекеттік органдармен бірлескен актілерді әзірлеу және бекіту;

266-53) ұлттық санақ қорытындыларын қалыптастыру мен жариялауды қамтамасыз ету;

266-54) мемлекеттік статистика органдарының статистикалық әдіснаманы әзірлеу мен қалыптастыруға қатысу қағидаларын бекіту;

266-55) ведомствоның статистикалық байқаулар бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту;

266-56) ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кестесіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде ұсыну қағидаларын бекіту;

266-57) үй шаруашылықтарынан өздерінің кірістері мен шығыстары туралы қажетті алғашқы статистикалық деректерді өтеулі және өтеусіз негізде алу қағидасын бекіту;

266-58) уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингтеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға саял салу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

266-59) ерікті негізде респонденттердің қатысуымен тестілеу жүргізу және жалпымемлекеттік және (немесе) ведомствоның статистикалық байқаулар бойынша статистикалық нысандардың жобаларын талқылау қағидалары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту;

266-60) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес өтеулі қызметтер көрсету шарты бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде интервьюерлер санын және олардың көрсетілетін қызметтерінің құнын есептеуді бекіту;

266-61) жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюер ретінде тарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

266-62) байланыс операторларынан респонденттер бойынша байланыс деректерін алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

266-63) статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде статистикалық мақсаттарға арналған жарияланған ресми статистикалық ақпаратты уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қайта қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

266-64) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, сондай-ақ көрсеткіштерді есептеу әдістемесін келісу;

266-65) Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша ұйғарым енгізу және кассациялық наразылық білдіруді ұсынуды енгізу туралы өтінішхат беру;

266-66) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды тұлғаның) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыларын, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды және шешімдерді қарау;

266-67) үшінші елдерге қатысты арнағы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексерулер жүргізу мақсатында сыртқы сауда қызметі саласындағы уәкілетті органның сұратуы бойынша мәліметтерді ұсыну;

266-68) қағаз жеткізгіштердегі және электронды түрдегі алғашқы статистикалық деректерді, әкімшілік деректерді белгіленген мерзімдерде сақтауды қамтамасыз ету;

266-69) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-статистикалық жүйелерін, деректер базалары мен олардың платформаларын, статистика тіркелімдерін, интернет-ресурсын қалыптастыруды, сүйемелдеуді және өзектілендіруді қамтамасыз ету;

266-70) ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз ету;

266-71) статистикалық жарияланымдарды қалыптастыруды және статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес уәкілетті органның ведомствоны таратуға жататын ресми статистикалық ақпараттың таратылуын қамтамасыз ету;

266-72) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалардың он қорытындысы алынған техникалық-экономикалық негізденмені, оның ішінде түзетілген техникалық-экономикалық негізденме мен бюджеттік инвестициялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын бекіту;";

"Құқықтары мен міндеттері" деген 18-тармақта:

мынадай мазмұндағы 59-3), 59-4), 59-5), 59-6), 59-7), 59-8), 59-9) тармақшалармен толықтырылсын:

"59-3) статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде статистикалық мақсаттарға арналған жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарауды жүзеге асыру;

59-4) уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингтеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға саулнама жүргізу;

59-5) ерікті негізде респонденттердің қатысуымен тестілеу жүргізу және жалпы мемлекеттік және (немесе) ведомствоның статистикалық байқаулар бойынша статистикалық нысандар мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтардың жобаларын талқылау;

59-6) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар мен ұлттық санақтар жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту;

59-7) тиісті мемлекеттік органдармен, комиссиялармен, санақ персоналымен бірлесіп, тұрғындар арасында ұлттық санақтар жүргізудің мақсаттары мен тәртібі туралы жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

59-8) санақ персоналын іріктеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олармен ұлттық санаққа қатысуға шарттар жасасу;

59-9) санақ парақтарына сынау жүргізу, жүргізілуін ұйымдастыру мен алынған деректерді өндөуді сынаудан өткізу, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы санағы субъектілерінің тізімдерін қалыптастыруы, нақтылауы, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ведомствоына ұсынуы;".

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 07.08.2023 № 652 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

*Б. Сагынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК